

Индер ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2023 жылғы 6 маусымдағы № 23-VIII шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 13 маусымда № 5035 -06 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Индер аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Индер ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары, осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Индер аудандық
мәслихат төрағасы*

А. Рамазанов

Индер аудандық мәслихатының
2023 жылғы 6 маусымдағы
№ 23-VIII шешіміне қосымша

Индер ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жылдық жинақталу нормасы, текше метр
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	0,988
2	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,23
3	Жатақханалар, интернаттар,	1 орын	1,5
4	Қонақ үйлер,	1 орын	1,2
5	Балабақшалар, бөбекжай	1 орын	1,54
6	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,8
7	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,01
8	Ауруханалар, емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,62

9	Мектептер, колледждер, оқу орталықтары	1 оқушы	0,8
10	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,78
11	Кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,63
12	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,37
13	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,096
14	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,09
15	Азық-түлік және өнеркәсіп-тауар дүкендері, аралас дүкендер	сауда алаңы 1 м2	1,98
16	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	0,37
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,93
18	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,88
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	1,0
20	Автовокзалдар	Жалпы алаңы 1 м2	0,92
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м2	4,21
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,47
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	0,45
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,27
25	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	3,52
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,64
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,39
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,21

29	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (Кілттер жасау, ұялы телефондар жөндеу, көшірме орталықтары)	1 жұмыс орны	0,23
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,87
31	Аудан аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	2,12
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	1,93

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК